

ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫН ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Жұмаділ Г.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Магистр, оқытушы

Аширбекова Қ.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты

Нусупбаева С.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Магистр, аға оқытушысы

Жалпы адамзат баласы жаңа дамыған дәуірге аяқ басқалы оларды толғандырған мәселе білім беру саласы үздіксіз жақсарту болып келгені белгілі құбылыс. Білім мен ғылымның ешкім тартып ала алмайтын сарқылмайтын байлық екені сонау арғы заманнан дәлелденген дүние. Адамзат тарихында ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің ғасыры екені айтпасада белгілі құбылыс. Еліміз ғылым мен білімге барынша қолдау көрсетіп жатқаны белгілі. Осы бағытта оқу әдістерін жаңашаландыру, толықтыру, өзгерту жұмыстары жүргізілуде. Осы салада еңбек еткен ағартушы ғалымдардың жаңа ойлары мен көзқарастары қоғамда үлкен тенденция қалыптастырып, ғылым техниканың дамуына, мәдени, саяси көзқарастардың жаңаруына алып келуде. Адамдардың барлығының белгілі дәрежеде білімді, білікті болуы мемлекеттің дамып гүлденуіне үлкен әсер ететіні іс жүзінде дәлелденген. Демек ұлттық мемлекет құрудың негізі білім беру ісімен тығыз байланысты екенін, айтпасада түсінікті.

Болашақ ұрпаққа жаһандану талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық әдістерді, ғылыми-педагогикалық негіздері толық қанды меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Бәсекеге қабілетті жас ұрпақты дайындап шығару үшін, жоғары оқу орындарының оқытушылары жаңа инновациялық әдістерді өз сабағында көбірек пайдаланғаны абзал. Студенттердің ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Бүгінгі таңдағы ортақ мақсатымыз — әрбір студентке толық қанды білім мен мәдениеттің негіздерін үйрету, түсіндіру, оны өз ойымен ұштастыра білгеніне көз жеткізу және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Қай кезде болсын білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға оқытушы болғандықтан, оқытудың жаңа деңгейіне көшуге байланысты сапалы білім беру міндеті оқытушыға жүктеледі.

Сондықтан да, оқытушы оқыту әдістемесіне жаңалықтарды енгізіп, шығармашылықпен айналысып, үнемі өз білімін жетілдіріп отыруы керек.

Осы мақсатта өзара тәжірибе ауысу үшін және жас оқытушыларға үлгі көрсету үшін, бүгінде семинар, ашық сабақ, дөңгелек үстелдер көптеп өткізілуде, оқытушы өз тәжірибесіне оқытуды жаңаша ұйымдастыруы, студенттің қызығушылығын арттыру мақсатында әр тақырыпты ерекшелігіне сай әр түрлі әдістермен түрлендіріп өткізуге дағдылануы керек. Бұл жерде көңіл аударатын нәрсе тақырып пен әдістердің сай блуы, әдістер студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді. Білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен қалыптастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы белгілі. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орнының оқытушысының негізгі мақсаты – дайын білімді оқытып, үйрету ғана емес, студентті өз бетінше ойлауға, болжам айтуға, пайымдауға, шешім қабылдауға бейімдеу және оны дағдыға айналдыру.

Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған білім (конструктивтік) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау сияқты белсенді әрекеттерді талап етеді. Сондықтан, пәндерді жекелей бермей, мазмұны жағынан ұқсас пәндерді біріктіре беруді тәжірибеге енгізген жөн, нәтижесінде оқушы алып жатқан білімін қайда қолданатынын ұғынып, оқуға деген ынта-жігері артады. Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты. [1]

Жалпы дүниежүзі тарихы тарихтың ажырамас бір бөлігі. Бүгінгідей жаһандану дәуірінде әр елдің қоғамдық, саяси, әлеуметтік жағдайын білу үшін оның өткен тарихын білу өте маңызды. Дүние жүзі тарихы көне заманнан бүгінге дейін, адамзат баласының жалпы бастан кешкендерін, бір тұтас жүйе ретінде үйретеді. Адамзаттың тарихи даму жолдарын, тарихи білімдер негізінде игеру, тыңдаушылардың санасында жалпы адамзаттық түсінікті қалыптастыруға, адамзат тарихының бір – бірімен тығыз байланысты екенін білуге, бұл тарихи байланыстар мен үрдістерге өз бетінше, талдау жасай білуге үйретеді. Сондай - ақ азаматтық пен отан сүйгіштікке, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге және жеке тұлғаның қалыптасып дамуына септігін тигізеді.

Мектептер мен жоғары оқу орныдарында дүниежүзі тарихы пән ретінде оқытылып келеді. Ал біз қарастырып отырған әл-фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы шетелден келген қазақ диаспара тыңдаушыларына дүниежүзі тарихы тандау пәні ретінде оқытылады. Біздің тыңдаушылар шетелдік ерекше тыңдаушылар, оларда дүние жүзі тарихын оқытуң бірінші ерекшелігі; қысқа уақыт ішінде сабақтың мазмұнын игерту және өз ойын қазақ тілінде толық айта білуге

үйрету. Екінші ерекшелігі; теске дайындау, жоғары оқу орнына түсуге жағдай жасау (шетелдік тыңдаушылардың қазақ тілін білмеуі немесе қазақ тілінде жақсы сөйлей алмауы бастапқыда қиындық тудырады).

Шетелден келген қазақ диаспара тыңдаушылары өз елінде дүниежүзі трихын мектепте оқып, үйреніп келеді. Дегенмен әр елдің оқыту әдістемесі әртүрлі. Бізге келгеннен кейін оларда мынандай қиындықтар туындайды, біздің елдің тілін білмейді немесе тез түсіне қоймайды. Ең бастысы сабақта өтілген термин сөздерді түсінбеу; аталған мемлекеттердің атын шатыстыру (әр елдің тілдік ерекшеліктеріне байланысты, мемлекет аттары әр түрлі айтылады.) т.б. Сол себепті де мемлекет атауларын ағылшын тілінде көрсетіп, түсіндірген жөн. Енді осы аталған қиындықтарды шешіп, тыңдаушылардың тез арада сабаққа толық кірісіп бейымделіп кетуі үшін, біз төмендегідей бірнеше әдістерді сабақ барысында пайдалануды ұсынбақпыз:

- Термин сөздермен жұмыс
- Салыстырмалы баяндау
- Карта, видео жазбалар көрсету
- Сабақты тест арқылы қортындылау

Термин сөздермен жұмыс бұл дәстүрлі әдістердің бірі, бірақ біздің тыңдаушылар ерекше, шетелдік тыңдаушы болғандықтан, сабақтың ең негізгі кілті – терминдер болып табылады. Терминдерді сабақтың басында немесе соңында ғана айтып түсіндіру шетелдік тыңдаушыларға жеткіліксіз, бүкіл сабақ барысында терминдерді қайталап, түсіндіріп сұрап отырған жөн. Мысалы: «Ежелгі грекия тарихы» тақырыбын алып қарастырсақ бір ғана сабақтың өзінде өте көп термин сөздерді кездестіреміз: Полис – қала мемлекеттері, агора – базар алаң, акрополь – үстіңгі қала, аристократ – ақсүйек, демос – халық, демократия – халық билігі, верфтер – кеме жасайтын және жөндейтін орын, гиматий – гректер үстілеріне орайтын мата, олигархия – аз адамның билеуі, илоттар – құлдар, марафон – алыс аралыққа жүгіру, олимп – әлемдік жарыс, пифос – астық сақтайтын көзе, амфора – сұйықтық құятын көзе, педагог – баланы қорғап жүруші, (т.б). Бұл термин сөздерді жазғызып отырған жөн, есте сақтау үшін қайта сұрап отыру керек.

Салыстырмалы баяндау: бұл әрине дәстүрлі әдіс ретінде белгілі. Сабақ өту барысында аудитория назарын тарту үшін, өтілетін сабақтың қысқаша мазмұнын, сонымен қатар өтілетін тақырып жайлы қысқаша түсініктеме беріп, тақырыптың қаншалықты өзекті екенін аша түсеміз. Мысалы: ежелгі грекия тақырыбына байланысты мәліметтер өте көп, қазіргі кездегі грекия мен ежелгі грекия территориясың арасында айырмашылықтар қаншалықты болды. Ол кездегі грекия қала мемлекеттері болатын, қазіргі грекия бір тұтас мемлекет, бүгінде грекия европаның қай бөлігінде? кезінде қай жерде еді? Бұл сұрақтарды қоя отырып, жауабын бірге табуға тырысымыз. Бұл сұрақтарды назары басқа жақта отырған тыңдаушыларға қойған жөн, сонда ол сабаққа араласуға мәжбүр болады, бұл жерде бір ескере кететін жәйт оқытушы бүгінгі грекия жайлы толық білгені және осыдан төрт мың жыл бұрынғы грекия жайлы толық білгені дұрыс. Сонда ғана ол салыстырмалы

түрде сұрақ қойып, түсіндіре алады. Бұл тыңдаушылардың назарын аудартуға, ойлануға, ізденуге, есте сақтауға жақсы көмектеседі. Себебі бір ғана оқиғаны баяндағаннан, екі оқиғаны қатар, салыстыра баяндаған әлдеқайда қызықты және есте қаларлық. Бұл әдісті қолданған кезде слайдтар, карта, көрнекі құралдар, суреттер пайдаланған жақсы әсер береді. Слайдтар көрсете отырып пікір алмасуға, сұрақ – жауап жүргізуге болады[3]. Аталған ежелгі грекия тақырыбын арнайы слайд арқылы үлкен экраннан көрсете отырып, студенттерге оқытып әрі талдау жасауға болады.

Карта, видео жазбалар көрсету: карта пайдалану әсіресе дүние жүзі тарихы сабағын өткенде кем болса болмайтын көрнекілік. Оны міндетті алып жүруді немесе сабақ беретін аудиторияда карта болғаны дұрыс. Картасыз тыңдаушылар ештеңе елестете алмайды. Ал, видео жазбалар көрсету қазірде жалпыласып келе жатқан әдіс мүмкіндігіне қарай, ең жақсы деген видеоны талдап алып, аудиторияға көрсетеміз. Яғни тақырыпқа байланысты, мысалы: ежелгі грекия тарихына, мәдениетіне, қол өнеріне, сурет пен мүсіндеу, әдебиетіне байланысты ең қызықты, құнды, мағыналы видео жазба көрсетеміз. Бұл видео жазбаларды көру арқылы тыңдаушылар бойында сабаққа деген қызығушылық арта түсіп, ары қарай тағыда толық білуге көргендерін талқылауға деген ынтасы артады. Әрі бұл әдіс сергіту мақсатында, назарды шоғырландыру мақсатында да пайдаланылады. (видео жазбаларды көру барысы 5-7 минут көлемінде болуы керек. Одан көп болса тыңдаушылар жалығуы мүмкін.)

Сабақты тест арқылы қортындылау: шетелдік тыңдаушыларға

білім беруде ең маңызды мәселе, жоғарғы оқу орнына түсу, ол үшін тест оларға ауадай қажет. Тест пайдаланудың жолдары көп. Тесты ауызша сұрауға, жазбаша жаздыруға, дайын күйінде таратып беруге болады. Тест лексиядағы тақырып түгел қамтылуы керек. Уақыт үнемдеу үшін дайын тестерді оқып немесе тыңдаушыларға оқыту арқылы пысықтаған дұрыс. Есте сақтау үшін ең тиімдісі тест жаздырту немесе өздеріне тест сұрақтарын құрастыруға беру, дегенмен де шетелдік тыңдаушылардың мүмкіндігіне сай дайын тест арқылы сабақты қортындылау керек. Мысалы: ежелгі грекия тарихына байланысты мынандай тестер қолданамыз:

Олимпияда ойындары қанша жылда бір рет өткізіледі?

А. 2 жыл В. 3 жыл С. 4 жыл Д. 6 жыл Е. 5 жыл

Ежелгі Грекияда олимпиядалық ойындар өткізілген жер:

А. Афины В. Олимп С. Микены Д. Херония Е. Троя

Мақаламызды қортындылай келе біздің мақсатымыз білімді, білікті, тәрбиелі шәкірт дайындау, соның ішінде ерекше шетелдік тыңдаушыларға аз уақыт ішінде көп нәрсе үйрету және оларды теске дайындау екенін баса айтқымыз келеді. Осы мақсатта шетелдік тыңдаушылар тез бейымделіп, тез үйреніп, нәтижеге қол жеткізуі үшін жоғарыдағыдай бірнеше әдістерді ұсындық. Көздеген мақсатқа жету үшін тыңдаушылар мен жан – жақты, тыңғылықты дайындалу керек. Қолда бар мүмкіндіктерді барынша

пайдаланған жөн. Оқытушы мен тыңдаушы бірігіп жұмыс істегенде ғана нәтижеге қол жеткізуге болады

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарының қызметіне баға беру өзгеру үстінде. Бұрын негізінен студенттердің дәрістер мен әдебиетке айтылғандарды қаншалықты жақсы меңгергені бағаланатын. Қазіргі кезде басты назар меңгерілген білім көлемінде ғана емес, қажетті ғылыми ақпаратты іздестіре білу қабілетіне, алда тұрған міндеттерді шешудегі шығармашылық көзқарасына, әр түрлі оқу курстарының немесе осы курстың әр түрлі тарауларының материалдарын талдай білуіне, қарапайым ғылыми зерттеу жүргізуге қатысу үшін әзірлік деңгейіне назар аударылатын болды. Қазақстандық жоғары оқу орныдарындағы оқыту жүйесінде көптеген жақсы дәстүрлер бар. Батыс еуропалық тәжірибені соқыр сеніммен қайталау біз үшін кесірлі болуы мүмкін.[3]

Қорыта айтқанда әр елдің өз дәстүрлі оқыту жүйесінің өз ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер сол елдің оқыту жүйесінің «келбеті» болып табылады, ұлттық жоғарғы оқу орындары өз келбетін сақтай оырып, жаңа оқыту әдістерін, тәсілдерін өз ерекшеліктеріне сай, саралап, талдап, тиімді пайдаланғанда ғана, сонымен қатар, әр оқытушы өз пәнінің ерекшелігіне қарай, жаңа инноватцилық тәсілдерді саралап, дәстүрлі әдістер мен байланыстырып қолдана білгенде ғана, тиімді оқыту нәтижесіне қол жеткізіп, қалыптасқан оқыту жүйесін барынша мықты және бәсекеге қабілетті етуге болады деп сенеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. https://ehistory.kz/kz/contents/view/otan_tarihin_okitudin_keibir_metodologiyalik_maseleleri_1765 © e-history.kz
2. Исламбеков Қ., Талдахметов., Тлеуғазыұлы Ш., Дүние жүзі тарихы: ҰБТ-ға дайындық оқулық / Алматы 2017 жыл .29-3166
3. Ахметова Ш.Қ. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік тәжірибесі: тарихы мен тағлымы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сер. -№ 2(81).- Алматы, - 2016. 187-189бб.

ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА "XVIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ" ТАҚЫРЫБЫН ТҮСІНДІРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Нусупбаева С.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Магистр, аға оқытушы

Жұмаділ Г.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Магистр, оқытушы